ЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
АЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

зарь Жексенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

## САЙЛАУ УЧАСТОГІ

Москвада Бауман ауданының № 22 сайлау участогінің сайлау комиссиясы өзінің жұмысын бірінші болып бастады. Участоктің құрамына аудандық Советті сайлау жөніндегі 5 сайлау округі кірген. Сол сыяқты, мұнда облыстық және аудандық Советтердің депутаттарына кандидаттар дауысқа түсетін болады.

Сайлау комиссиясының құрамында озат жұмысшылар, инженерлер мен қызметшілер бар. Қазір олардың назары сайлаушылардың тізімін жасауға аударылған. Участокке күн сайын осы тізімдерді жасауға көмектесуге тұрғын үйлер басқарушылары мен жұртшылық өкілдері келуде.

Комиссияның мүшелері тұрғын үйлер басқарушылары мен пәтерлерге барып, сайлаушылардың құрамы туралы алдын ала алынған мәліметтердің дұрыстығын тексеруде. 22 январь күні барлық сайлаушылардың танысуына сайлаушылардың тізімі жарияланатын болады.

Участоктік сайлау комиссиялары астананың барлық аудандарында жұмыс істей бастады. (СОТА).

## ...дегі

...ті көп керек
...аникаландыруда
...өрсете алады.
...де жұмыстың
...лі күнге дейін
...ан жоқ. Істің
...ы, Семипалка,
...ерде мүлдем ка-
...терде жемшөпті
...райтын, ұнтай-
...ркатын, сыйыр
... суаратын авто-
...шиналар мен құ-
... Бірақ, олар мал
...делі жұмыстарды
... осы уақытқа
...нылмай келеді.
...ату, тұқым да-
...тер колхоздарға
...етуде. Аталған
... Приешім МТС-
...удың мұндай ма-
...ге асыруға осы
...н.
...ауыл шаруашы-

# Мал шаруашылығын өркендету міндеттемелері мүлтіксіз орындалсын

☆ ☆ ☆ ☆

## Мал шаруашылығын өркендетудегі міндеттеріміз

Партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында Маленков жолдас былай деді: «Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге, оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін еңалдымен барлық колхоздар мен совхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау қажет, малды жақсы қоралармен қамтамасыз ету қажет, сол сыяқты, мал шаруашылығындағы жұмыстарды кеңінен механикаландыру қажет».

Бесінші бесжылдықта қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру міндеті барлық колхоздар мен совхоздарда берік жемшөп қорын жасап, малдың күтімін негізінен жақсартуды, малдың шығынын жоюды талап етеді. Мал басының өсіп, оның өнімділігінің арттырылуы мал қыстатуды барлық жағынан үлгілі өткізгенде ғана мүмкін ойдағыдай өткізілмейді. Мал шығынына жол беріледі. Соңғы жылдары, әсресе, аналық малдардың күтімі нашарлап кетті. Мұның өзі қоғамдық малды төл есебінен өсіру ісіне үлкен нұқсан келтіріп жүр. Колхоздар төл алу науқанын әзірліксіз өткізеді де, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындай алмайды.

Мал қыстату аудан колхоздарында биыл да жеткіліксіз әзірлікпен басталды. Еңалдымен қоғамдық мал қыстық жемшөппен мол қамтамасыз етілген жоқ. Сол сыяқты, бірқатар колхоздарда қоғамдық мал жылы, жарық қоралармен де толық қамтамасыз етілмей отыр. Бұл малдың қысқы күтімінің нашар ұйымдастырылуына, оның күйінің төмендеуіне әкеліп соғуда.

Осымен қатар, бірсыпыра колхоздардың басшылары қолда бар жемшөп қорын тиімді пайдаланып, малды қыстан шығынсыз және күйлі өсірудің тиісті ... әлі күнге дейін қолға алынған жоқ.

Малды күтіп азықтандыру ісіндегі мұндай кемшіліктер ауданның көптеген колхоздарына тән. Көптеген колхоздарда малдың қысқы күтімі нашар ұйымдастырылған. Оларда да жемшөп үнемі үшін күрес жоқ. Малды күтіп азықтандырудың арнаулы графигі жасалмаған. Жемшөпті малға әзірлеп беру ұйымдастырылмай келеді. Мал азығын турайтын, ұнтақтайтын, буландыратын машиналар жұмысқа мүлдем пайдаланылмайды. Мұнымен бірге, бірсыпыра фермаларда малды бағып күтуде зоотехникалық ережелер дұрыс сақталмайды.

Малдың қысқы күтімі Карл Маркс атындағы (председателі Елубаев жолдас) және «Победа» (председателі Мамаков жолдас) колхоздарында да өте-мөте нашар. Бұларда малды жайлау, азықтандыру жұмыстары бетімен жіберілген. Мал азығын жұмсау жолға қойылмаған. Күтімнің нашарлығынан мал шығынға ұшырауда.

...

## Малға тыңғылықты күтім керек

Преснов ауданындағы Берия атындағы колхозда малдың қысқы күтімі өте-мөте нашар. Мал дұрыс азықтандырылмайды. Мал фермаларында жемшөп ұқыпсыз жұмсалады. Қоралар жанына күнібұрын тасылып алынған жемшөп қоры өте аз. Сондықтан малды азықтандыру ісінде көп қыйындық келуде. Басқарма мүшелері жемшөпті мол тасып алуды ұйымдастыра алмай отыр.

Малдың қоралары да жайлы емес. Фермаларда малдың басым көпшілігі суық қораларда күтіліп азықтандырылады. Бұл мал күйінің күрт төмендеуіне әкеліп соғуда. Күтімнің нашар болуы себепті декабрь айының өзінде ғана 49 мал шығынға ұшырады.

Колхозда малшылар арасында еңбек өнімділігін арттыру үшін күрес жоқ. Фермаларда үгітшілер мүлдем болмайды. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарылмайды. Көрсеткіш тақталары толтырылмайды. Малшыларға дауыстап

шиналарды дала жұмыстарына тыңғылықты әзірлемейді. Мұнымен бірге, олар жұмыс кезінде жоғары техникалық күтімде ұсталмайды. Сол сияқты, көптеген МТС-терде маман механизатор кадрларын даярлау және олардың мамандығын арттыру ісі мүлде қанағаттанғысыз.

Өткен жылы Коновалов, Пушкин атындағы, Ворошилов атындағы, Семиполка МТС- терінде трактор жұмыстарының жылдық жоспары орындалмай қалды. Мұның себебі —бұл МТС-тердің басшылары дала жұмыстарына машиналарды сапалы әзірлеуді қамтамасыз етпеді. Бұларда машиналарды жөндеп, көктемгі егіске әзірлеу быйыл да баяу жүргізілуде.

Машина -трактор станциялары мал тиіс.

Облыста МТС-тердің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруы әлі қанағаттанғысыз. Бұл ауылшаруашылық органдары мен МТС басшыларынан қолда бар күш-мүмкіншілікті жұмыстың аталған саласын механикаландыруға тезінен жұмылдыруды керек қылады.

Ауылшаруашылық машиналарының қуатын колхоз өндірісін онан әрі өркендете беруге толық пайдалану, сөйтіп, бесінші бесжылдықта егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жету—партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылық органдарының аса маңызды міндеті.

# Н. А. Некрасовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуы

## Москвада ақынға арналған салтанатты мәжліс

8 январь күні Николай Алексеевич Некрасовтың қайтыс болғанына 75 жыл толды. Бұл датаны еліміздің барлық еңбекшілері атап өтті.

П. И. Чайковский атындағы Москваның Мемлекеттік консерваториясының Үлкен залына совет мәдениетінің қайраткерлері, астана кәсіпорындарының стахановшылары, оқушы жастар, ақын тұрған және жұмыс істеген Ярославль облысы еңбекшілерінің өкілдері жыйналды.

Сахнаның төріне алуан түрлі гүлдермен қоршалған Н. А. Некрасовтың үлкен портреті қойылған.

Салтанатты мәжлісті көрнекті датаны өткізу жөніндегі комиссияның председателі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, ақын М. Исаковский қысқаша кіріспе сөзбен ашты.

Н. А. Некрасовтың өмірі мен творчествосы туралы филология ғылымының кандидаты В. Друзин баяндама жасады.

Баяндамадан кейін кештің көркемдік бөлімі болды. Оған астананың искусство шеберлері, радио хабарын тарату комитетінің хоры және ССРО-ның Мемлекеттік симфониялық оркестрі қатысты. Некрасовтың өлеңдері бойынша жазылған әндер, классикалық орыс музыкасының шығармалары орындалды, ақынның поэмалары мен өлеңдерінен үзінділер оқылды.

(СОТА).

## Ғалымдардың жаңа зерттеулері

ССРО Ғылым академиясының баспасы егін қорғайтын ағаш өсіруге және жер суаруға арналған бірқатар еңбектерді басып шығарды. Комплексті ғылми экспедицияның егін қорғайтын ағаш өсіру мәселелері жөніндегі еңбектері мен қысқаша хабарлары және зерттеу институттары әзірлеген бірқатар монографиялар басылып шықты.

И. Садовниковтың (В. В. Докучаев атындағы топырақ зерттеу институты) «Оңтүстік Волга сыртының жерін суару» деген монографиясында Куйбышев және Сталинград су станцияларының салынуымен және Волга бойында суармалы егіншілікті ұйымдастырумен байланысты жүргізілген топырақты зерттеу жұмыстарының нәтижелері жыйнақталған.

гізгі түліктерден орындалмады. Мұның негізгі себебі сол —ауданда мал азығының мол қоры жасалмайды. Мал қыстату

күш-мүмкіншілік жеткілікті бола тұрса да аталған колхоздарда жемшөпті малға ұнтап, турап және буландырып беру ісі

ҚКП секрет

# Советтік Қаз

## Мұнайлы кәсіпшілігінің жаңашылдары

МҰНАЙЛЫ. (Гурьев облысы). (ҚазТАГ). Мұнайлы кәсіпшілігінің бұрғышылары Балжігітов пен Сариев ротормен және турбинамен бұрғылауды ұштастырып жүргізуді ұсынды. Әдетте жердің үстінгі қабатын бұрғылаған кезде бұрғылау кезінде қолданылатын балшықты су сұйылтып жіберетін. Бұл турбобурдың жұмысын бұзып, бұрғылау шапшаңдығын кемітетін. Қазір топырақтың суы бар қабаты ротормен, ал, одан арғы қабаты —турбобурмен бұрғыланады. Бұрғылау шапшаңдығы жоспардағыдан біржарым есе асып түсті.

Мұнайлы жаңашылдары, сонымен бірге, стволдың қыйсайып кетуіне қарсы күрестің жаңа әдісін ұсынды. Әдетте стволдар қыйсайып кетпеу үшін бұрғылау кезінде бұрғы трубаларының колоннасы әлсін-әлі жіберіліп тұратын. Бірақ, бұл стволдың түзу болып бұрғылануын үнемі қамтамасыз ете бермейтін. Қазір колонна жайылып үнемі тоқтаусыз айналдырылады. Мұндай әдіс қолданылғанда ствол түзу бұрғыланады.

### ТЕКЕЛІ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖЫИНАЛЫСЫ

ТЕКЕЛІ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Текеліде интеллигенцияның жалпықалалық жыйналысы болды. Бұған инженерлер, техниктер, мұғалімдер, дәрігерлер қатысты. Партияның облыстық комитетінің секретары Андреева жолдас партияның XIX съезінің қарарлары туралы баяндама жасады.

Жыйналысқа қатысушылар зор өрлеу үстінде И. В. Сталин жолдасқа құттықтау қабылдады.



Алматы облысындағы Алматы ауданының «... артелінің Мәдениет сарайында 1951 жылғы Бүкілода... рынан құрастырылған жылжымалы сурет көрмесі ...
СУРЕТТЕ: Алматы ауданының колхозшылары ... экскурсияны басқарушы Е. Яшина жолдас.

## Өскемен ет комби

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен ет комбинаты—Шығыс Қазақстанның озат тамақ кәсіпорны. Жаңа бесжылдықтың екі жылы ішінде ол өнім шығаруды екіжарым есе арттырды.

Қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, комбинат коллективі жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап өндіріс графигін асыра орындады. Жарыста шұжық цехы

ның кол... алғашқы... нен бұр... ра Сит... өнім ш... де-ақ м...

Кәсіпо... луда. басталд...

